Бекітемін
«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ
Басқарма Төрағасы - Ректор,
з.ғ.д., профессор
_____ Е. Бурибаев
«12» 10 2026 ж.

«ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ ҚАРАМАҒЫНДАҒЫ ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСТЕР ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ
ІНҚ-ZU-16-05

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Күні	Қолы
Әзірленді	Ғылымметрия және ғылыми кадрларды даярлау бөлімінің басшысы	Б.Оксикбаев	12.10.26	
Келісілді	Басқарма мүшесі - ғылыми жұмыс және интернационалдандыру жөніндегі проректор	А. Бахтаулова	12.10.26	
	Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректор	Б. Таубаев	12.10.26	
	Басқарма мүшесі-қаржы және инфрақұрылымды дамыту жөніндегі проректор	Х.Амиржанов	12.10.26	
	Стратегиялық даму және сапаны қамтамасыз ету басқармасының басшысы	А. Беделбаева	12.10.26	
	Заң қызметінің бас заңгері	А. Искаков	12.10.26	
Ғылыми кеңестің 2026 жылғы «12» 10 отырысының № 2 хаттамалық шешімімен қолданысқа енгізілді				

Талдықорған қ., 2026

Құжатты рұқсатсыз пайдалануға тыйым салынған

МАЗМҰНЫ

1 Қолдану саласы..... 3
2 Нормативтік сілтемелер..... 3
3 Белгілер мен қысқартулар..... 5
4 Процедуралардың сипаттамасы..... 5
5 Диссертациялық кеңестің қызметін ұйымдастыру..... 6
6 Диссертацияны ұсыну нысаны, қабылдау ережелері және қарау..... 9
7 Диссертациялық кеңестің функциялары..... 14
8 Ресми рецензенттерді тағайындау..... 15
9 Докторлық диссертацияны қорғау тәртібі..... 17
10 Аттестаттау ісін рәсімдеу және сақтау тәртібі..... 19
11 Диссертациялық кеңестің есеп беруі..... 20
12 Диссертациялық кеңестің қызметін тоқтату..... 20
13 Жауапкершілік және өкілеттіктер..... 20
14 Өзгерістер..... 21
Қосымша А Диссертациялық кеңес мүшелігіне үміткерлер туралы ақпарат..... 22
Қосымша Б Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп..... 23
Қосымша В Философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру (беруден бас тарту) бойынша диссертациялық кеңестер қабылдаған шешімдер туралы тоқсан сайынғы есеп..... 24
Қосымша Г Этикалық комиссияның (ғылыми Әдеп жөніндегі комиссияның) қорытындысы..... 25
Қосымша Д Ресми рецензенттің жазбаша пікір..... 26
Қосымша Е Диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағы..... 30
Қосымша Ж Докторант туралы мәліметтер..... 31
Қосымша З Диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесі..... 32

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Осы Ереже «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕАҚ (бұдан әрі — Университет) жанындағы диссертациялық кеңестерді қалыптастыру, олардың қызметі, өкілеттіктері мен өзара іс-қимыл тәртібін реттейді.

Ереже университетте диссертацияларды дайындау және қорғау процесіне қатысатын барлық докоранттарға, сондай-ақ ғылыми-педагогикалық қызметкерлерге қолданылады. Құжат Ғылыми зерттеулердің жоғары сапасын қамтамасыз ету және диссертациялық жұмыстарды қорғау мақсатында диссертациялық кеңестердің қызметіне қойылатын ұйымдастырушылық, процедуралық және этикалық талаптарды анықтайды.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Нұсқаулықта келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Нормативтік құқықтық акт немесе нормативтік құжат	Атауы және реттеу саласы
1	2
1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы (өзгерістер мен толықтырулармен)	Адам мен азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтарын, оның ішінде білім алу құқығы мен ғылыми шығармашылық еркіндігін бекітетін Қазақстан Республикасының негізгі заңы.
«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (өзгерістер мен толықтырулармен)	Білім беру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің, ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау мен дәрежелер берудің құқықтық негіздерін айқындайды.
«Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII ҚРЗ Заңы (өзгерістер мен толықтырулармен)	Ғылым, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет, ғылыми кадрларды даярлау, ғылыми әдепті сақтау және диссертациялық кеңестердің қызметі саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді.
«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 болып тіркелген (өзгерістер мен толықтырулармен)	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын, оның ішінде докоранттарды даярлауға және докорантураның білім беру бағдарламалары бойынша оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптарды бекітеді.
«Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылғы 29 сәуірде № 6929 болып тіркелген (өзгерістер мен толықтырулармен)	Диссертациялық кеңестерді құру және олардың қызмет ету тәртібін, құрамын, функцияларын, өкілеттіктерін және диссертацияларды қорғау рәсімдерін айқындайды.

1	2
«Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылғы 13 мамырда № 6951 болып тіркелген (өзгерістер мен толықтырулармен)	Философия докторы (PhD) және бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру тәртібін, сондай-ақ диссертацияларға, ғылыми жарияланымдарға, академиялық адалдыққа және жасанды интеллект технологияларын пайдалануға қойылатын талаптарды айқындайды.
«Ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне қосу үшін ғылыми басылымдарға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 20 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 22 ақпанда № 13409 болып тіркелген (өзгерістер мен толықтырулармен)	Диссертациялық зерттеулердің негізгі нәтижелері жарияланатын ғылыми басылымдарға қойылатын талаптарды белгілейді.
Жарияланым әдебі жөніндегі комитеттің негізгі практикалары — Committee on Publication Ethics (COPE)	Жарияланым әдебі, авторлық, рецензиялау, мүдделер қақтығысының алдын алу, әдеп бұзушылықтарды қарау және ғылыми жарияланымдарды кері қайтарып алу саласындағы халықаралық ұсынымдар.
ІНҚ-ZU-09-07 «Докторлық диссертацияны дайындау тәртібі туралы ереже»	Докторлық диссертация тақырыбын таңдау және бекіту, диссертацияны дайындау, алдын ала талқылау және қорғауға ұсыну тәртібін реттейтін Университеттің ішкі нормативтік құжаты.
ІНҚ-ZU-16-02 «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ-ның ғылыми әдеп қағидалары»	Ғылыми әдеп қағидаттары мен нормаларын, академиялық адалдық талаптарын және әдеп бұзушылықтарды қарау тәртібін белгілейтін ішкі нормативтік құжат.
«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ-ның өзге де ішкі нормативтік құжаттары	Докторанттарды даярлауды, ғылыми зерттеулер жүргізуді, диссертацияларды заңсыз мәтіндік иемденулердің болуына тексеруді, диссертациялық кеңестердің қызметін және ғылыми әдепті сақтауды реттейді.

3 БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы ережеде мынадай белгілер мен аббревиатуралар пайдаланылады:

ҒҒКДБ	Ғылымметрия және ғылыми кадрларды даярлау бөлімі
ЖУ, университет	«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ
ҒЗЖ	Ғылыми - зерттеу жұмысы
ПОҚ	Профессор - оқытушылар құрамы
ҒЗТКЖ	Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік - конструкторлық жұмыстар
ЖЖООКББМЖМС	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
ҚР ҒЖБМ	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
ҒК	Ғылым комиссиясы
ҚРҒЖБМҒЖСҚК	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті
Scopus	Scopus библиографиялық және рефераттық мәліметтер базасы
Web of Science	Web of Science ғылыми журналдардағы жарияланымдар мен патенттерінің рефераттық дерекқоры

4 ПРОЦЕДУРАЛАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ

4.1 Жалпы ережелер

Осы Ереже:

1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясына (өзгерістер мен толықтырулармен);

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңына (өзгерістер мен толықтырулармен);

«Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII ҚРЗ Заңына (өзгерістер мен толықтырулармен);

«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығына, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 болып тіркелген (өзгерістер мен толықтырулармен);

«Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығына, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылғы 29 сәуірде № 6929 болып тіркелген (өзгерістер мен толықтырулармен) https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1100006929;

«Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығына, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылғы 13 мамырда № 6951 болып тіркелген (өзгерістер мен толықтырулармен);

«Ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне қосу үшін ғылыми басылымдарға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 20 бұйрығына, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 22 ақпанда № 13409 болып тіркелген (өзгерістер мен толықтырулармен);

Жарияланым әдебі жөніндегі комитеттің (Committee on Publication Ethics, COPE) ұсынымдары мен негізгі практикаларына https://publicationethics.org/;

ІНҚ-ZU-09-07 «Докторлық диссертацияны дайындау тәртібі туралы ережеге»;

ІНҚ-ZU-16-02 «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ-ның ғылыми әдеп қағидаларына»;

сондай-ақ докторлық диссертацияларды дайындауды, диссертациялық кеңестердің қызметін, дәрежелер беруді және ғылыми әрі жарияланым әдебін сақтауды реттейтін Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері мен Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

4.2 Терминдер мен анықтамалар

Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

Диссертациялық кеңестер	Докоранттардың диссертациялық жұмыстарын қорғауды жүргізетін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) жанындағы алқалы органдар;
Диссертация	Философия докторы (PhD) бейіні бойынша докторды даярлау жөніндегі білім беру бағдарламасы шеңберінде нақты мамандық бойынша Қазақстан Республикасында немесе шетелде қорғалған біліктілік ғылыми жұмысы
Философия докторы (PhD)	Ғылыми - педагогикалық бағыт немесе кәсіптік қызметтің тиісті саласы бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жерде диссертация қорғаған адамдарға берілетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған дәрежелер
Диссертациялық кеңес комиссиясы	Диссертациялық кеңес мүшелерінің құрамынан докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланғанын (плагиат) тексеру үшін комиссия құру
Плагиат	Өзінің атымен басқа автордың туындысын жариялауда, сондай-ақ басқа авторлардың туындыларының үзінділерін ақпаратты пайдалану көзін көрсетпей пайдалануда көрінеді. Плагиаттың міндетті белгісі – авторлықты иемдену, өйткені авторлық құқықпен қорғалған туындыны заңсыз пайдалану, жариялау, көшіру және т. б. өзі плагиат емес, авторлық құқықты бұзудың басқа түрі болып табылады
Индекс Хирша	Ғалымның, ғалымдар тобының, ғылыми ұйымның немесе жалпы елдің еңбек өнімділігінің жарияланымдар саны мен осы жарияланымдарға сілтемелер санына негізделген сандық сипаттамасы
Апелляциялық комиссия	Диссертацияларды қорғау нәтижелері бойынша даулы мәселелерді жою мақсатында құрылған орган

5 ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

5.1 «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ жанындағы диссертациялық кеңес 3 (үш) күнтізбелік жылға құрылады және докторантура кадрларын даярлаудың тиісті бағыттары бойынша төмендегідей құжаттары болған кезде жұмыс істейді:

1) докторантура бағдарламасы бойынша білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензиялар және (немесе) лицензияға қосымшалар;

2) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының (бұдан әрі – Заң) 21 - бабы, 2-тармағына сәйкес соңғы 3 (үш) жыл ішінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізілімінде докторантураның білім беру бағдарламалары;

3) Министрлік туралы Ереженің 15 - тармағының 21 тармақшасына сәйкес кемінде 3 (үш) жыл мерзіммен аккредиттелген және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі

білім беру ұйымдарының аккредиттелген білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген докторантураның білім беру бағдарламалары;

4) соңғы 3 (үш) жылда Министрлік туралы Ереженің 15-тармағының 3 тармақшасына сәйкес бөлінген 1 (бірінші), 2 (екінші) және 3 (үшінші) оқу жылына даярлау бағыты бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысына қарай білім алушылар контингентінің болуы.

5.2 Консорциалдық келісім болған кезде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі - ЖЖОКБҰ - серіктес) бірлескен кеңестерін құруға жол беріледі:

1) докторантура кадрларын даярлаудың тиісті бағыттары бойынша ғылыми қызмет субъектісі ретінде аккредиттеуден өткенде;

2) ЖЖОКБҰ – әріптес докторанттары қатысатын мемлекеттік бюджеттен бағдарламалық - нысаналы немесе гранттық қаржыландыру шеңберінде соңғы 3 (үш) жылда докторантура кадрларын даярлаудың тиісті бағыттары бойынша қолданыстағы немесе орындалған ғылыми жобалары;

3) Осы Ереженің 5.5-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген халықаралық рецензияланатын басылымдарда жарияланымдары бар даярлау бағыты бойынша кемінде 3 (үш) ғалымның болуы;

4) Тиісті немесе аралас дайындық бағыты бойынша ЖЖОКБҰ - Серіктес білім беру процесіне қатысатын кемінде 3 (үш) ғалымның болуы.

Диссертациялық кеңестер Комитетті осы Ереженің 5.1 немесе 5.2-тармағының талаптарына сәйкестігі туралы хабардар ете отырып, 3 жұмыс (үш) күн ішінде өз бетінше құрылады. Диссертациялық кеңес құру туралы ақпарат ректордың бұйрығы шыққан күннен бастап 5 (бес) күн ішінде университеттің интернет-ресурсында орналастырылады.

5.3 Диссертациялық кеңестің құрамы 7 (жеті) адамнан аспайды. Диссертациялық Кеңестің барлық мүшелерінің ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктордың академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелері болады.

Диссертациялық кеңестің кемінде 3 (үш) мүшесі басқа ЖЖОКБҰ, ғылыми және (немесе) басқа ұйымдардың өкілдері болып табылады.

Диссертациялық кеңестің құрамында диссертациялық кеңестің 3 (үш) мүшесі докторлық зерттеу саласына байланысты докторантты қорғау кезеңіне уақытша тағайындалады.

Бұл ретте 8D01 Педагогикалық ғылымдар, 8D02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар сияқты білім беру салалары үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген дәрежелерді беру қағидаларының 6-тармағына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6951) халықаралық рецензияланатын басылымда мақаласы жоқ докторант жұмысын қорғаған жағдайда диссертациялық кеңестің уақытша құрамына докторанттың диссертациялық жұмысына өз пікірін ұсынатын 1 (бір) шетелдік ғалым тартылады. Шетелдік ғалым келесі талаптардың біріне сәйкес келеді:

1) Шетелдік ғалымның негізгі жұмыс орны-Academic Ranking of World Universities (Академик Ранкинг оф Ворлд Юниверситиес) немесе Times Higher Education World University Rankings (Таймс Хайер Едукейшн Ворлд Юниверсити Ранкинг) немесе US News Халықаралық рейтингінің топ-500 (бес жүз) құрамына кіретін университет best global universities rankings (Юэс Ньюс Бэст Глобал Юниверситиз Ранкингс);

2) Шетелдік ғалымның соңғы 5 (бес) жыл ішінде web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) (Arts and Humanities Citation Index (Артс энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн Индекс)

дерекқорында индекстелген журналдарда кемінде 2 (екі) мақаласы және (немесе) шолулары бар;

3) Шетелдік ғалымның баспаларда жарияланған Elsevier (Эльзевир), Brill (Брилл), CRC Press (СРС Пресс), DeGruyter (ДеГрюйтер), Edward Elgar Publishing (Эдвар Элгар Паблишинг), John Wiley & Sons (Джон Уайли и Сонс), McGraw Hill (Макроу Хилл), Palgrave Macmillan (Палгрейв Макмиллан), Peter Lang (Питер Лэнг), Prentice Hall (Прентис Холл), Routledge (Рутледж), Sage Publications (Сэйдж Публикейшен), Springer Nature (Шпрингер Нэйчар), Taylor and Francis (Тейлор и Фрэнсис), Wolters Kluwer (Вольтерс Клувер) (бұдан әрі-сенімді баспалар) университеттің баспасында топ-100 (жүз) рейтинга US News Best Global Universities Rankings (Юэс Ньюс Бэст Глобал Юниверситиз Ранкингс) немесе Academic Ranking of World Universities (Академик Ранкинг оф Ворлд Юниверситиес) немесе Times Higher Education World University (Таймс Хайер Едукейшн Ворлд Юниверсити Ранкинг) монографиясы бар.

Ғылыми консультанттар, сондай-ақ докторантпен немесе оның ғылыми консультантымен үлестес тұлғалар диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері болып тағайындалмайды:

1) Жақын туыстары -ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылары, асырап алынғандары, ата-анасы ортақ және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері;

2) Докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (бірлесіп орындаушы) болып табылатын диссертация орындалған және (немесе)ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілетін ЖЖОКБҰ және (немесе) ғылыми ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлері;

3) Соңғы 3 (үш) жыл ішінде бірлесіп жарияланған мақалалар мен шолулардың бірлескен авторлары;

4) Соңғы 3 (үш) жылда диссертацияның мазмұны жөніндегі комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша оң қорытынды берген ғылыми кеңесшілер немесе ресми рецензенттер болған мамандар.

5.4 «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ жанындағы диссертациялық кеңестердің құрамында Кеңес мүшелерінің бірі шетелдік ғалым болып табылады. Диссертациялық Кеңес мүшелерінің жарияланымдарына қойылатын талаптарды университет 5.5-тармаққа сәйкес белгілейді.

5.5 ЖЖОКБҰ жанындағы диссертациялық кеңестердің кемінде 4 (төрт) мүшесінің рецензияланатын халықаралық ғылыми журналдарда жарияланымдары болады:

1. 8D05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика, 8D06 Ақпараттық -коммуникациялық технологиялар, 8D07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары, 8D08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар, 8D11 Қызмет көрсетулер сияқты білім беру салалары бойынша – Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша алғашқы үш квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында Citescore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын басылымдарда кадрлар даярлау бағыттарына сәйкес келетін ғылыми салалардың бірі бойынша кемінде 3 (үш) жарияланым;

2) басқа білім беру салалары үшін соңғы 5 (бес) жылда Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) (Arts and Humanities Citation Index бөлімдері (Артс энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн Индекс) деректер базасында индекстелетін және Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректеріне сәйкес алғашқы үш квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында Citescore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес)

болатын басылымдарда кадрлар даярлау бағыттарына сәйкес келетін ғылыми салалардың бірі бойынша кемінде 2 (екі) жарияланым.

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 2 (екі) ғылыми мақала ретінде соңғы 5 (бес) жылда – сенімді баспаларда немесе US News Best Global Universities Rankings (ЮС Ньюс Бест Глобал Юниверситис Ранкинс) немесе Academic Ranking of World Universities (Академик Ранкин оф Ворлд Юниверситис) немесе Times Higher Education World University (Таймс Хайр Эдюкейшн Ворлд Юниверсити) топ-100 (жүз) рейтингіндегі университет баспасында шығарылған монография ескеріледі. Жоғарыда көрсетілген монографияда тарау болған жағдайда (ізденушіге кемінде 3 (үш) баспа табағы тиесілі) ол халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда 1 (бір) мақала ретінде есепке алынады.

5.6 Диссертациялық Кеңестің тұрақты мүшелері ең жоғары ғылымометриялық көрсеткіштері бар тұлғалардан, ал уақытша мүшелері – ең жоғары ғылымометриялық көрсеткіштері бар және қорғауға ұсынылған диссертациялық жұмыстың түйінді сөздері бойынша сайланатын болады.

5.7 Диссертациялық кеңестің құрамына кірмейді:

1) диссертациялық кеңес құрылған кездегі университет ректоры;

2) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қызметкерлері;

3) соңғы 5 (бес) жыл ішінде диссертацияның мазмұны жөніндегі комитеттің теріс шешімін алған ғылыми консультанттар, диссертациялар жөніндегі басшылар болып табылатын мамандар.

5.8 Тұрақты құрамға кандидаттар туралы ақпарат осы Ереженің А қосымшасына сәйкес рәсімделеді.

Тұрақты құрам және ондағы өзгерістер, сондай-ақ Кеңестің төрағасы, төрағаның орынбасары және ғылыми хатшысы университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ректордың бұйрығымен бекітіледі.

5.9 Университет:

1) диссертациялық Кеңестің отырыстарын өткізу және диссертацияларды жариялы түрде қорғау үшін, оның ішінде ақпараттық - коммуникациялық технологияларды, бағдарламалық және техникалық құралдарды қолдану арқылы қажетті жағдайлар жасауды;

2) қарыз алуды анықтаудың лицензиялық жүйелерінде, оның ішінде халықаралық деректер базасы бойынша диссертацияларды тексеруді;

3) диссертациялық Кеңестің қызметіне байланысты шығыстарды, оның ішінде диссертациялық Кеңес мүшелерінің іссапар шығындарын өтеуді қамтамасыз етеді.

5.10 Өтініштер/шағымдар болған жағдайда Комитет тиісті диссертациялық жұмыстарды және диссертациялық кеңесте қорғау рәсімін тексереді.

6 ДИССЕРТАЦИЯНЫ ҰСЫНУ НЫСАНЫ, ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ҚАРАУ

6.1. Диссертациялық жұмысты қорғауға жіберу

Диссертациялық жұмысты қорғауға докторантураның білім беру бағдарламасын толық меңгерген, осы Ереженің 6.2.1-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес диссертациялық жұмысын қорғауға ұсынған және 6.2.2-тармақта белгіленген жарияланымдарға қойылатын талаптарды орындаған докторанттар жіберіледі.

6.2. Диссертациялық жұмысты қорғау нысандары

Диссертациялық жұмыс мынадай нысандардың бірі бойынша қорғалады:

–ғылыми мақалалар сериясы негізінде;

–диссертациялық жұмыс және белгіленген талаптарға сәйкес жарияланған ғылыми мақалалар негізінде.

6.2.1. Ғылыми мақалалар сериясы негізінде диссертацияны қорғау

Диссертация мазмұнына сәйкес келетін ғылыми салалардың бірі бойынша Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports (бұдан әрі – JCR) деректеріне сәйкес импакт-фактор бойынша бірінші және (немесе) екінші квартильге кіретін халықаралық рецензияланатын ғылыми басылымдарда жарияланған кемінде екі мақала немесе бір мақала және үш мақала сериясы болуы тиіс.

Мақалалардың кемінде біреуінде докторант бірінші автор немесе хат-хабар авторы (corresponding author) болуы міндетті.

6.2.2. Диссертациялық жұмысты жазу және ғылыми жарияланымдар негізінде қорғау

Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға ұсынылған диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері диссертация қорғалғанға дейін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Басылымдар тізбесіне енгізілген ғылыми басылымдарда және (немесе) халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жариялануы тиіс.

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журнал деп Journal Citation Reports (JCR) деректері бойынша импакт-факторға ие және (немесе) Clarivate Analytics компаниясының Web of Science Core Collection деректер базасының Arts and Humanities Citation Index, Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index бөлімдерінде индекстелетін немесе диссертацияның мазмұнына сәйкес келетін ғылыми салалардың бірі бойынша Scopus деректер базасында CiteScore көрсеткіші бойынша тиісті процентильге ие журнал түсініледі.

Басылымдар тізбесіне енгізілген журналдарда жарияланған мақалалардың саны журналдың тиісті санатына сәйкес есепке алынады. Бұл ретте:

1-тізімдегі журналда – 1 мақала;

2-тізімдегі журналда – 2 мақала;

3-тізімдегі журналда – 3 мақала жариялау жеткілікті.

Диссертациялық жұмысты қорғауға ұсынылатын жарияланымдар мына талаптардың біріне сәйкес келуі тиіс:

JCR деректері бойынша импакт-факторы бар және (немесе) Web of Science Core Collection деректер базасының Arts and Humanities Citation Index, Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index бөлімдерінде индекстелетін немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда кемінде 1 мақала (Article) немесе шолу (Review), сондай-ақ Басылымдар тізбесіне енгізілген журналда жарияланған мақала (мақалалар);

немесе Web of Science Core Collection деректер базасының тиісті бөлімдерінде индекстелетін және (немесе) JCR деректеріне сәйкес импакт-фактор бойынша алғашқы үш квартильдің біріне кіретін немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда кемінде 2 мақала (Article) немесе 1 мақала (Article) және 1 шолу (Review);

немесе Elsevier, Brill, CRC Press, De Gruyter, Edward Elgar Publishing, John Wiley & Sons, McGraw Hill, Palgrave Macmillan, Peter Lang, Prentice Hall, Routledge, Sage Publications, Springer Nature, Taylor & Francis, Wolters Kluwer баспаларында немесе US News Best Global Universities Rankings, Academic Ranking of World Universities (ARWU), Times Higher Education World University Rankings рейтингтерінің топ-100 құрамына кіретін университеттердің баспаларында жарық көрген монографияда кемінде 1 тарау. Бұл ретте докторанттың үлесі кемінде 1 баспа табағын құрауы тиіс;

немесе JCR деректері бойынша импакт-факторға ие және алғашқы екі квартильдің біріне кіретін немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша процентиль

көрсеткіші кемінде 55 болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда кемінде 1 мақала (Article) және JCR деректері бойынша импакт-факторға ие әрі Web of Science Core Collection деректер базасында индекстелетін халықаралық ғылыми конференция материалдарында 1 мақала (Conference Paper).

8D01 – Педагогикалық ғылымдар және 8D02 – Өнер және гуманитарлық ғылымдар даярлау бағыттарының «8D017 – Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау», «8D016 – Тарих педагогтерін даярлау», «8D060 – Филология», «8D050 – Философия және этика» және «8D053 – Тарих» білім беру бағдарламалары топтары бойынша білім алған және қазақ тілі мен әдебиеті, қазақ филологиясы, Қазақстан тарихы, қазақ философиясы бойынша диссертация дайындаған докоранттар үшін жарияланымдарға қойылатын талаптар мынадай тәртіппен белгіленеді:

Web of Science Core Collection деректер базасының Arts and Humanities Citation Index бөлімінде индекстелетін немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда кемінде 1 мақала немесе шолу және Басылымдар тізбесіне енгізілген журналда мақала (мақалалар) жариялануы тиіс. Мақалалар саны Басылымдар тізбесіндегі журналдың санатына сәйкес есептеледі;

немесе Басылымдар тізбесінің 1 және 2-тізімдеріндегі журналдарда жарияланған мақалалар және халықаралық ғылыми конференцияларда жасалған 2 ауызша баяндама болуы тиіс. Бұл ретте мақалалардың кемінде біреуі ағылшын тілінде жариялануы тиіс.

1-тізімдегі журналда жарияланған бір мақаланы JCR деректері бойынша импакт-факторы бар және (немесе) Web of Science Core Collection деректер базасының Arts and Humanities Citation Index, Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index бөлімдерінде индекстелетін немесе Scopus деректер базасында CiteScore көрсеткіші бар халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда жарияланған 1 мақала (Article) немесе шолу (Review), не 2-тізімдегі журналдарда жарияланған 2 мақала алмастыра алады.

Халықаралық ғылыми конференция материалдарына қойылатын талаптар:

– конференцияның ғылыми бағыты докоранттың диссертация тақырыбына сәйкес келуі тиіс;

– мерейтойларға, атаулы күндерге және өзге де мерекелік іс-шараларға арналған конференциялар жинақтарында жарияланған материалдар диссертацияны қорғауға қойылатын жарияланым талаптарын орындау үшін есепке алынбайды;

– конференция халықаралық деңгейде танылған, ғылыми беделі мен академиялық деңгейі жоғары болуы тиіс.

JCR деректері бойынша импакт-факторға ие және импакт-фактор көрсеткіші бойынша бірінші квартильге (Q1) кіретін журналда диссертация тақырыбына сәйкес 1 ғылыми мақала жарияланған жағдайда, осы Ережеде көзделген өзге жарияланымдарды ұсыну талап етілмейді.

6.3. Мемлекеттік құпияларды қамтитын диссертацияларға қойылатын талаптар

Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын диссертацияларды қорғау кезінде диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері диссертация тақырыбы бойынша кемінде 7 (жеті) жарияланымда, оның ішінде кемінде 4 (төрт) мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Басылымдар тізбесіне енгізілген ғылыми басылымдарда жариялануы тиіс.

6.4. Ғылыми жарияланымдардың диссертация тақырыбына сәйкестігі

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда және конференция жинақтарында жарияланған материалдар диссертацияның мазмұнына және тиісті дерекқорларда көрсетілген журналдың немесе конференцияның тақырыптық бағытына сәйкес келуі тиіс.

Жарияланымдар журналдың немесе конференцияның ресми сайтында орналастырылуы және тиісті жарияланым түріне жатқызылуы қажет.

Web of Science және Scopus дерекқорларында жарияланымның түрі Article (мақала), Review (шолу), Article in Press (басылымдағы мақала), Conference Paper (конференция мақаласы), Proceedings (конференция материалдары) ретінде көрсетілуі мүмкін.

Пәнаралық бағыттағы халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда, оның ішінде Multidisciplinary (көпсалалы), Interdisciplinary (пәнаралық), General (жалпы ғылыми) және Miscellaneous (әртүрлі бағыттағы) санаттардағы журналдарда жариялауға жол беріледі.

6.5. Квартиль және процентиль көрсеткіштерін есепке алу тәртібі

Web of Science Core Collection дерекқорындағы журналдың квартилі және (немесе) Scopus дерекқорындағы CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші жарияланым жарияланған жылдағы, жарияланған жылдан алдыңғы жылдағы немесе диссертацияны қорғау сәтіндегі көрсеткіштердің бірі бойынша есепке алынады.

6.6. Ғылыми жарияланымдарды баламалы есепке алу

Осы Ереженің 6.2-тармағына сәйкес халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланған мақалалар болған жағдайда, осындай журналда жарияланған 1 (бір) мақала уәкілетті орган ұсынған ғылыми басылымдарда жарияланған 2 (екі) мақалаға теңестіріліп есептеледі.

6.7. Патентті жарияланым ретінде есепке алу

Қазақстан Республикасының өнертабысына берілген патент болған жағдайда, ол уәкілетті орган ұсынған ғылыми басылымда жарияланған 1 (бір) мақаланы алмастыра алады.

Бұл ретте 1 (бір) патент 1 (бір) мақаланы алмастырады.

6.8. Ғылыми жарияланымдардың сәйкестігін тексеруге ұсынылатын құжаттар

Ғылыми жарияланымдардың осы Ережеде белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру үшін докторант Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру департаментіне мынадай құжаттарды ұсынады:

– Web of Science (Clarivate Analytics) дерекқорларындағы журналдардың импакт-фактор көрсеткіштерінің болуын және (немесе) Scopus дерекқорындағы журналдардың индекстелуін растайтын электрондық және баспа нұсқаларындағы ғылыми еңбектер тізімі. Ғылыми жарияланымдардың талаптарға сәйкестігін Ғылымметрия және ғылыми кадрларды даярлау бөлімі тексереді;

– докторант білім алған жоғары оқу орнының диссертациялық кеңесінің диссертация тақырыбын және ғылыми консультанттарын бекіту туралы, сондай-ақ диссертацияны қорғауға жіберу туралы бұйрықтарынан үзінді көшірмелер;

– докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық курсын меңгергенін растайтын транскрипт көшірмесі;

– кафедраның және (немесе) ғылыми (академиялық) кеңестің кеңейтілген отырысының хаттамасы;

– осы Ереженің 3 қосымшасына сәйкес нысан бойынша бекітілген диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесі. Тақырып өзгертілген немесе қайта бекітілген жағдайда өзектендірілген ғылыми негіздеме ұсынылады.

Докторлық диссертация тақырыбын бекіту, сондай-ақ тақырыпты өзгерту немесе қайта бекіту кезінде докторант осы Ереженің 3 қосымшасына сәйкес нысан бойынша диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесін әзірлейді.

Ғылыми негіздемеге докторант пен ғылыми консультант қол қояды. Ғылыми негіздеме Университеттің бейінді құрылымдық бөлімшесінде қаралады, Басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс және интернационалдандыру жөніндегі проректормен келісіледі және Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректорымен бекітіледі.

6.9. Диссертацияны алдын ала талқылау

Докторант диссертациясын өзі білім алған ЖЖОКБҰ-ның бейінді бөлімшесінде немесе тиісті құрылымдық бөлімшенің ғылыми (академиялық) кеңесінің кеңейтілген отырысында (бұдан әрі – кеңейтілген отырыс) алдын ала талқылаудан өткізеді.

Кеңейтілген отырыс өткізілгенге дейін кемінде 1 (бір) ай бұрын диссертация докторанттың ғылыми зерттеу саласына сәйкес келетін ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе тиісті ғылыми немесе академиялық дәрежесі бар кемінде 2 (екі) маманға рецензиялауға жіберіледі.

Кеңейтілген отырысқа:

– бейінді құрылымдық бөлімше мүшелерінің кемінде үштен екісі;
– рецензенттер;
– құрылымдық бөлімшенің ғылыми немесе академиялық кеңесінің мүшелері;
– ғылыми консультанттар;
– ЖЖОКБҰ-ның сабақтас кафедраларының және (немесе) құрылымдық бөлімшелерінің, ғылыми және басқа да ұйымдардың өкілдері;
– диссертация қолданбалы сипатта болған жағдайда тиісті сала мамандары қатысады.

Диссертацияны қорғауға ұсыну туралы шешім отырысқа қатысушылардың қарапайым көпшілік даусымен қабылданады.

Егер диссертациялық жұмыс дәрежелер беру қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмесе, ол қорғауға ұсынылмайды.

Кеңейтілген отырыста айтылған ескертулер мен ұсыныстарды докторант диссертацияны диссертациялық кеңеске ұсынғанға дейін ескереді және қажет болған жағдайда тиісті өзгерістер енгізеді.

Ғылыми консультанттар отырысқа қатыспаған жағдайда олардың диссертация бойынша пікірлерін төрағалық етуші немесе хатшы оқиды.

6.10. Диссертациялық кеңеске құжаттарды ұсыну

Кеңейтілген отырыстың оң қорытындысын алғаннан кейін докторант өзі білім алған ЖЖОКБҰ басшысының атына диссертациясын қорғау үшін диссертациялық кеңесті таңдау туралы өтініш береді.

Егер докторант басқа ЖЖОКБҰ-ның диссертациялық кеңесін таңдаса, докторант білім алған ЖЖОКБҰ 10 (он) жұмыс күні ішінде оның құжаттарын тиісті диссертациялық кеңеске жібереді.

Докторанттың тиісті даярлау бағыты немесе білім беру бағдарламасы бойынша басқа ЖЖОКБҰ-ның диссертациялық кеңесін таңдауға құқығы бар.

Диссертациялық кеңеске мынадай құжаттар ұсынылады:

– отандық және шетелдік ғылыми консультанттардың пікірлері.
– Жоғары оқу орындары үшін – отандық ғылыми консультанттардың пікірлері;
– кеңейтілген отырыстың оң қорытындысы;
– қатты мұқабадағы және электрондық нұсқадағы диссертациялық жұмыс, егер диссертация диссертациялық жұмыс нысанында ұсынылса;
– қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі аннотациялар. Аннотацияда диссертациялық зерттеудің тақырыбы, мақсаты мен міндеттері, зерттеу әдістері, қорғауға шығарылатын негізгі ережелер, ғылыми гипотезалар, негізгі нәтижелер, нәтижелердің жаңалығы мен ғылыми-практикалық маңыздылығының негіздемесі, ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, сондай-ақ докторанттың алынған нәтижелерді дайындауға қосқан үлесі көрсетіледі;
– ғылыми еңбектердің тізімі және олардың көшірмелері;

– осы Ереженің Г қосымшасына сәйкес докторант білім алған ЖЖОКБҰ-ның Әдеп жөніндегі комиссиясының ғылыми зерттеулерді жоспарлау, жүргізу, бағалау, іріктеу және нәтижелерін тарату барысында, оның ішінде зерттеу объектілерінің құқықтарын, қауіпсіздігін және әл-ауқатын қорғау талаптарының сақталғаны туралы қорытындысы;

– осы Ереженің 3 қосымшасына сәйкес нысан бойынша бекітілген диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесі. Диссертация тақырыбы өзгертілген немесе қайта бекітілген жағдайда өзектендірілген ғылыми негіздеме ұсынылады.

Диссертациялық жұмыс қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде ұсынылады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттарды тіркеуді диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы жүзеге асырады және оларды 2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде диссертациялық кеңестің қарауына ұсынады.

Диссертацияны қорғауға қабылдау туралы мәселе қаралатын диссертациялық кеңес отырысында Кеңестің тұрақты құрамы осы Үлгілік ереженің 5-тармағының талаптарына сәйкес диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін айқындайды.

6.10.1. Ұсынылған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша диссертациялық кеңес диссертацияны қорғауға қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту туралы негіздерін көрсете отырып шешім қабылдайды.

6.10.2. Диссертация қорғауға қабылданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңес докторанттың отандық және халықаралық дерекқорлар бойынша плагиатты, сондай-ақ оларға сілтеме жасамай жасанды интеллект технологияларын пайдалануын тексеру үшін диссертацияны «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамына (бұдан әрі – ҰМҒТСО) жібереді. Титулдық парақ пен пайдаланылған дереккөздер тізімі плагиатқа тексерілмейді.

6.10.3. Тексеру нәтижелері ҰМҒТСО анықтамасымен рәсімделеді және ол докторанттың аттестаттау ісіне енгізіледі.

6.10.4. ҰМҒТСО анықтамасында, ресми рецензенттердің пікірлерінде немесе Университеттің интернет-ресурсында жарияланған бейресми пікірлерде көрсетілген плагиат және (немесе) оларға сілтеме жасамай жасанды интеллект технологияларын пайдалану фактілері анықталған жағдайда, диссертациялық кеңестің комиссиясы анықталған фактілерді тексереді. Тексеру нәтижелері туралы қорытынды диссертацияны қорғау күніне дейін кемінде 8 (сегіз) жұмыс күні бұрын диссертациялық кеңеске ұсынылады.

6.11. Докторанттың диссертацияны қорғауға құжаттарды дайындауы, ресімдеуі және диссертациялық кеңеске ұсынуы нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

Нұсқаулықта диссертацияны қорғауға ұсыну үшін қажетті құжаттардың тізбесі, оларды ресімдеу талаптары, құжаттарды ұсыну мерзімдері, Университеттің интернет-ресурсында орналастырылатын материалдар, сондай-ақ диссертацияны қорғауға дейінгі және қорғаудан кейінгі ұйымдастырушылық рәсімдер осы Ережеге сәйкес дайындалған.

7 ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

7.1. Диссертациялық кеңестің функциялары:

1) диссертацияны қорғауға құжаттарды қабылдау;

2) диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін, қорғау күнін және ресми рецензиялаушыларды тағайындау;

3) докторанттың кірме материалды авторға және шеттен алып пайдалану көзіне (плагиатқа) сілтеме жасамай пайдалануына диссертацияны тексеру үшін диссертациялық кеңес мүшелері қатарынан комиссия (бұдан әрі –Диссертациялық кеңес комиссиясы) құру;

4) диссертацияны көпшілік алдында қорғауды жүргізу;

5) диссертация бойынша шешім қабылдау.

7.2. Диссертациялық кеңестің төрағасы:

– диссертациялық кеңестің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

– диссертациялық кеңестің отырыстарын өткізеді;

– белгіленген талаптарға сәйкес диссертацияны қорғауды жүргізу құқықтылығының сақталуын қамтамасыз етеді;

– диссертациялық кеңестің қызметі мен жұмысын ұйымдастыруға жауапты.

7.3. Диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары,

егер диссертациялық кеңестің төрағасы қорғалатын диссертация бойынша ғылыми кеңесші болып табылса, сондай-ақ диссертациялық кеңестің төрағасы болмаған жағдайда, кеңес отырысын өткізу жөніндегі диссертациялық кеңес төрағасының функцияларын орындайды.

7.4. Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысының функциялары:

1) диссертацияны қорғауға қабылдау және қорғау рәсімдерін ұйымдастыру;

2) диссертацияны "Антиплагиат" жүйесі бойынша тексеруге, ЖЖОКББҰ кітапханасына, Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына, ресми рецензиялаушыларға жолдау;

3) диссертациялық кеңестің қызметі бойынша хат-хабарларды жіберу;

4) диссертациялық кеңестің сайтында материалдар мен
ақпаратты орналастыру;

5) диссертациялық кеңестің отырысын, оның ішінде
бағдарламалық және техникалық құралдарды дайындау;

6) диссертациялық кеңестің құжаттарын рәсімдеу;

7) Комитетке жіберу үшін құжаттар пакетін дайындау.

Хат-хабар ғылыми хатшының ресми корпоративтік поштасынан жіберіледі. Ғылыми хатшының міндеттерін өзге тұлғаларға, оның ішінде докторантқа жүктеуге жол берілмейді.

7.5. Диссертациялық кеңестің мүшелері:

1) объективті, толық және расталған мәлімет береді;

2) диссертацияны қорғауға қатысты деректерді жасыруға жол бермейді;

3) ғылыми этиканы бұзу фактілеріне орай әрекет етеді;

4) шешім қабылдау кезінде қоғамдық пікірдің, тараптардың бірінің немесе үшінші тұлғалардың ықпалынан тәуелсіз;

5) мүдделер қайшылығының алдын алу және реттеу бойынша шаралар қолданады;

6) қызмет үдерісінде басқа кеңес мүшелерінің, докоранттардың, ғылыми консультанттардың және ресми рецензиялаушылардың абыройы мен қадірқасиетіне нұқсан келтіретін дөрекі, қорлайтын сөздер, айыптаулар қолданбайды.

Осы тармақта көрсетілген талаптарды сақтамау фактілері анықталған жағдайда диссертациялық кеңестің мүшесі оның құрамынан шығарылады.

7.6. Күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін диссертациялық кеңес осы Ереженің Б қосымшасына сәйкес нысан бойынша диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есепті Комитетке ұсынады.

8. РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТЕРДІ ТАҒАЙЫНДАУ

8.1 Ресми рецензенттерді тағайындау кезінде ДК рецензенттер мен ғылыми кеңесшілердің бір-бірінен тәуелсіздігі қағидатын басшылыққа алады.

8.2 Мына тұлғалар ресми рецензент бола алмайды:

1. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің қызметкерлері;

2. докоранттың диссертация тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстарының тең авторлары;

3. диссертация орындалған және (немесе) докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (тең орындаушы) болып табылатын ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілген

ЖОО-ның құрылымдық бөлімшелерінің және (немесе) ғылыми ұйымдардың басшылары мен қызметкерлері;

4. соңғы 3 (үш) жыл ішінде диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертацияларға оң қорытынды берген ғылыми кеңесшілер немесе ресми рецензенттер болған мамандар.

8.3 Ұсынылатын ресми рецензенттерге мынадай талаптар қойылады:

Қазақстандық ғалымдардың докторанттың зерттеу саласы бойынша Комитет ұсынатын басылымдар тізбесіне енгізілген және (немесе) Web of Science Core Collection, Scopus дерекқорларында индекстелетін және (немесе) шетелдік рецензияланатын басылымдар тізбесіне енгізілген журналдарда жарияланған кемінде 5 (бес) ғылыми мақаласы немесе жеке авторлықта жазылған 1 (бір) монографиясы болуы тиіс.

Шетелдік ғалым мына талаптардың кемінде біреуіне сәйкес келуге тиіс:

– шетелдік ғалымның негізгі жұмыс орны Academic Ranking of World Universities, Times Higher Education World University Rankings немесе US News Best Global Universities Rankings халықаралық рейтингтерінің топ-500 құрамына кіретін университет болуы;

– шетелдік ғалымның соңғы 5 (бес) жыл ішінде Web of Science Core Collection дерекқорының Arts and Humanities Citation Index немесе Social Sciences Citation Index бөлімдерінде индекстелетін журналдарда жарияланған кемінде 2 (екі) мақаласы және (немесе) шолу мақаласы болуы;

– шетелдік ғалымның Elsevier, Brill, CRC Press, De Gruyter, Edward Elgar Publishing, John Wiley & Sons, McGraw Hill, Palgrave Macmillan, Peter Lang, Prentice Hall, Routledge, Sage Publications, Springer Nature, Taylor & Francis, Wolters Kluwer баспаларында (бұдан әрі – сенімді баспалар) немесе US News Best Global Universities Rankings, Academic Ranking of World Universities, Times Higher Education World University Rankings рейтингтерінің топ-100 құрамына кіретін университеттердің баспаларында жарияланған монографиясы болуы.

8.4 Ресми рецензенттер диссертацияны және жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде ДК-ға осы Ереженің Д қосымшасында белгіленген нысан бойынша жазбаша пікірлерін ұсынады.

8.5 Диссертация ғылыми мақалалар сериясы негізінде қорғауға ұсынылған жағдайда, ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әрбір ғылыми мақаласының ғылыми деңгейіне түсініктеме береді. Егер мақала мазмұнының үштен екісі немесе одан көп бөлігі докторанттың зерттеу тақырыбымен байланысты болмаса, ресми рецензент мұндай мақаланы есепке алмайды.

8.6 Ресми рецензенттер пікірлерінде мына шешімдердің бірін көрсетеді:

– философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

– диссертацияны толықтыруға жіберу (диссертация ғылыми мақалалар сериясы түрінде қорғалатын жағдайларды қоспағанда);

– философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту.

8.7 Диссертация Д қосымшасының 4 және (немесе) 6-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген, сондай-ақ 5-тармағында көрсетілген талаптарға ішінара сәйкес келген және (немесе) түзетуді талап ететін ескертулер болған жағдайда, рецензент диссертацияны толықтыруға жіберуді ұсынады. Бұл талап академиялық адалдық қағидалары бұзылған жағдайларға қолданылмайды.

Академиялық адалдық қағидалары бұзылған немесе диссертация ғылыми жаңалық, ішкі бірлік және шынайылық қағидаттарына сәйкес келмеген жағдайда, рецензент ДК-ға философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тартуды ұсынады.

8.8 Ресми рецензенттердің пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғалатын күнге дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын беріледі.

8.9 Ресми рецензент оны ауыстыру қажеттілігі туралы жазбаша өтініш берген немесе рецензиялауды жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда ауыстырылады. Егер ресми рецензентті ауыстыру туралы шешім диссертацияны қорғау күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен аз уақыт қалғанда қабылданса, қорғау күні кейінге қалдырылады.

8.10 Ресми пікірлер Д қосымшасында белгіленген талаптарға сәйкес рәсімделмеген жағдайда, ДК пікірді қосымша қарау және тиісті түрде рәсімдеу үшін қорғау күніне дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей ресми рецензентке қайтарады.

8.11 ДК комиссиясының қорытындысы негізінде ДК диссертацияны қорғау күніне дейін кемінде 7 (жеті) жұмыс күні бұрын докторантты қорғауға жіберу туралы шешім қабылдайды немесе диссертацияны қорғаудан алып тастайды.

ДК қабылданған шешім туралы докторантқа 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабарлайды. Тиісті ақпарат Университеттің интернет-ресурсында орналастырылады. Бұл талап мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін арналған мәліметтерді қамтитын диссертацияларды қорғау жағдайларына қолданылмайды.

Докторант диссертациясын қорғау күніне дейін кемінде 7 (жеті) күн бұрын қорғаудан алып тастауға құқылы.

9 ДОКТОРЛЫҚ ДИССЕРТАЦИЯНЫ ҚОРҒАУ ТӘРТІБІ

9.1 ДК төрағасы, төраға орынбасары және ғылыми хатшысы докторанттың ғылыми кеңесшілері болып табылған жағдайда, диссертацияны қарау кезінде ДК отырысында өз міндеттерін орындай алмайды.

9.2 ДКтөрағасының міндеттерін орындау ДК шешімімен төраға орынбасарына, ал төраға орынбасары мен ғылыми хатшының міндеттерін орындау ДК шешімімен оның мүшелеріне жүктеледі.

Төраға, төраға орынбасары және ғылыми хатшы бір мезгілде болмаған жағдайда ДК отырысы өткізілмейді.

9.3 ДК диссертация қорғалуының толық көлемде бейнежазбаға түсірілуін қамтамасыз етеді, монтаж жасауға жол берілмейді.

9.4 ДК отырысы, егер оның жұмысына мүшелерінің кемінде 2/3-і (үштен екісі) қатысқан жағдайда, заңды болып саналады. ДК мүшелерінің арасынан әрбір мамандық (кадрлар даярлау бағыты) бойынша кемінде 3 (үш) маман міндетті түрде қатысқан жағдайда (Е қосымшасы), отырыс заңды деп есептеледі.

ДК мүшелерінің диссертацияны қорғау жөніндегі отырысқа дәлелді себептермен онлайн бейнеконференция форматында қатысуына жол беріледі. Бұл ретте онлайн қатысатын мүшелер саны ДК құрамының 1/3-інен (үштен бірінен) аспауға тиіс.

9.5 Ресми рецензенттердің және диссертациялық кеңестің уақытша тағайындалған мүшелерінің отырысқа қатысуы міндетті болып табылады.

9.6 Ресми рецензенттерге дәлелді себептер болған жағдайда диссертацияны қорғау жөніндегі ДК отырысында онлайн режимде, бейнеконференция форматында сөз сөйлеуге рұқсат етіледі.

9.7 Диссертацияны ашық қорғау интернет желісінде тікелей онлайн-трансляция режимінде өтеді. Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін арналған мәліметтерді қамтитын диссертациялар қорғалатын жағдайда, ДК мүшелері мен ресми рецензенттердің бейнеконференция нысанында қатысуына, сондай-ақ отырысты интернет желісінде трансляциялауға жол берілмейді.

9.8 Отырысқа практикалық саланың шақырылған мамандарының қатысуына жол беріледі (диссертация қолданбалы сипатта болған жағдайда).

ДК докторантқа, ДК мүшелеріне және ресми рецензенттерге ДК отырысының бейнеконференция нысанында өткізілетіні туралы диссертацияны қорғау күніне дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын электрондық пошта арқылы және кеңестің сайтында

https://zhetysu.edu.kz/диссертациялық-кеңестер/ хабарландыру орналастыру арқылы хабарлайды.

9.9 ДК отырысты бейнеконференция нысанында өткізген кезде:

– отырысқа қатысушыларды визуалды сәйкестендіру;

– интернет желісінде отырысқа қатысушылар сөздерінің үздіксіз бейне- және аудиотрансляциясы;

– отырыстың бейне- және аудиожазбасы;

– ДК мүшелерінің жасырын дауыс беруі қамтамасыз етіледі.

9.10 ДК мына шешімдердің бірін қабылдау үшін жасырын дауыс беруді жүргізеді:

Докторлық диссертацияны қорғау	Мақалалар сериясымен қорғау
Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру	Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру
Диссертацияны пысықтауға жіберу	Диссертацияны қайта қорғауға жіберу
Диссертацияны қайта қорғауға жіберу	Дәреже беруден бас тарту
Дәреже беруден бас тарту	

9.11 Жасырын дауыс беруге ресми рецензенттер қатысады, олардың дауыстары ДК мүшелерінің дауыстарына тең.

9.12 Докторанттың ғылыми кеңесшісі, тікелей басшысы немесе жақын туысы болып
есептелетін ДК мүшелері, сондай-ақ шақырылған мамандар дауыс беруге қатыспайды.

9.13 Кеңестің философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы шешімі, егер оған дауыс беруге қатысқандардың 3/4-і (төрттен үші) немесе одан көбі дауыс берсе, қабылданды деп саналады.

9.14 Кеңестің философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту, диссертацияны пысықтауға немесе қайта қорғауға жіберу туралы шешімі, егер оған дауыс беруге қатысқандардың 2/3-і (үштен екісі) немесе одан көбі дауыс берсе, қабылданды деп саналады.

Егер дауыстар көрсетілген санға жетпесе, қайта дауыс беру өткізіледі. Қайта дауыс беру кезінде диссертацияны пысықтауға немесе қайта қорғауға жіберу туралы шешім, егер оған отырысқа қатысып отырған кеңес мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, қабылданады.

9.15 Диссертациялық жұмыс, егер оның мәтіні бойынша түзетілуі жұмыстың мәнін өзгертпейтін елеусіз ескертулер болған жағдайда, пысықтауға жіберіледі. Егер диссертация осы Ереженің 9-тарауының талаптарына сәйкес келмесе, ол қайта қорғауға жіберіледі.

9.16 Академиялық адалдық қағидаты бұзылған немесе диссертация ғылыми жаңалық, ішкі бірлік және дәйектілік қағидаттарына сәйкес келмеген жағдайда, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданады.

9.17 Қайта қорғауға жіберу немесе философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданған кезде ДК диссертацияның осы Ереженің және Қағидалардың қандай талаптарына сәйкес келмейтіні көрсетілген қорытынды жасайды.

9.18 Диссертациялық жұмысты қайта қорғау алдыңғы қорғаудан кейін кемінде 6 (алты) ай өткен соң, осы Ережеде белгіленген тәртіппен өткізіледі. ДК-ның уақытша құрамы және ресми рецензенттер сақталады. Диссертация қайта қорғауға 2 (екі) реттен артық жіберілмейді.

9.19 Диссертацияны пысықтауға жіберу туралы шешім қабылданған кезде ДК диссертациялық жұмыс бойынша нақты ескертулер қамтылған қорытынды шығарады.

9.20 Пысықталған диссертациялық жұмыс ДК-ға үш айлық мерзімде ұсынылады. Бұл мерзімді 3 (үш) айдан артық мерзімге ұзартуға болмайды. Пысықтау мерзімін ұзарту туралы шешімді ДК докторанттың өтініші негізінде қабылдайды. Егер пысықталған диссертациялық жұмыс белгіленген уақытта ұсынылмаса, докторант қайта қорғаудан өтеді.

9.21 Докторант ДК ескертулерімен толық немесе ішінара келіспеген жағдайда, берілген ескертулерге дәйектелген жауаптарын ұсына алады.

9.22 Пысықталған диссертация ҰМҒТСО-ға плагиатқа тексеруге жіберіледі. ҰМҒТСО анықтамасын алғаннан кейін ДК ресми рецензенттермен бірге пысықталған диссертациялық жұмысты және ДК ескертулерінің жойылуына қатысты ескертулерге берілген жауаптарды (болған жағдайда) талқылау жөнінде отырыс өткізеді.

Отырыс осы Ережеде белгіленген тәртіппен өткізіледі. Бұл ретте отырыстың бейнежазбасы интернет желісінде онлайн-трансляциясыз жүргізіледі.

9.23 Талқылаудан кейін жай көпшілік дауыспен жасырын дауыс беру арқылы дәреже беру немесе қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

9.24 Теріс шешім қабылданған кезде ДК диссертацияның осы Ереженің қандай талаптарына сәйкес келмейтіні көрсетілген қорытынды жасайды. Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы ДК қорытындысы Университеттің интернет-ресурсында орналастырылады.

9.25 ДК теріс шешім қабылдаған диссертация осы Ереженің 6-тарауында белгіленген тәртіппен қайта қорғауға ұсынылады.

Диссертация қайта қорғауға ұсынылған кезде ДК диссертацияда бұрын анықталған бұзушылықтардың жойылғаны туралы қорытынды жасайтын ДК-ның 3 (үш) мүшесін тағайындайды. Қорытынды қорғау күніне дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын Университеттің интернет-ресурсында орналастырылады және диссертацияны қорғау кезінде оқылады.

9.26 Докторлық диссертацияны қорғауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі барлық құжаттар мемлекеттік тілде болуға тиіс. Қажет болған жағдайда орыс тілінде сүйемелдеу қамтамасыз етіледі.

9.27 Бір күн ішінде диссертацияларды қорғау жөніндегі ДК-ның 2 (екі) отырысынан артық өткізілмейді.

10 АТТЕСТАТТАУ ІСІН РӘСІМДЕУ ЖӘНЕ САҚТАУ ТӘРТІБІ

10.1 Докторлық диссертация қорғалған күннен кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы аттестаттау ісін қалыптастырады.

10.2 Диссертацияны мемлекеттік тіркеу үшін Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығына (ҰМҒТСО) мынадай құжаттар жіберіледі:

– ілеспе хат;

– диссертацияның қағаз және электрондық нұсқадағы бір-бір данасы;

– қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерде көзделген өзге де құжаттар.

10.3 Диссертацияның қағаз және (немесе) электрондық нұсқадағы бір данасы Университеттің ғылыми кітапханасына беріледі.

10.4 Қажет болған жағдайда диссертацияның қағаз және (немесе) электрондық нұсқадағы даналары Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына белгіленген тәртіппен жіберіледі.

10.5 Аттестаттау ісіне мынадай құжаттар енгізіледі:

– осы Ереженің Е қосымшасында белгіленген нысан бойынша ДК мүшелерінің қатысу парағы;

– төраға мен ғылыми хатшы қол қойған диссертацияны қорғау жөніндегі ДК отырысының хаттамасы;

– пысықталған диссертациялық жұмысты талқылау жөніндегі ДК отырысының хаттамасы (болған жағдайда);

– докторантураның білім беру бағдарламасын меңгергені туралы транскрипттің көшірмесі;

– ресми рецензенттердің пікірлері;

– ғылыми кеңесшілердің пікірлері;

– диссертацияны плагиатқа тексеру нәтижелері туралы анықтама;

– диссертацияны қорғау жөніндегі ДК шешімі;

– осы Ереженің Ж қосымшасына сәйкес докторант туралы мәліметтер;

– осы Ереженің 6.10-тармағына сәйкес ДК-ға ұсынылған өзге де құжаттар.

10.6 Аттестаттау ісіне енгізілген құжаттар тізімдеме бойынша нөмірленіп, тігіледі және Университеттің құжат айналымы мен архив ісін жүргізу жөніндегі талаптарына сәйкес сақталады.

10.7 Аттестаттау ісінің толық және дұрыс рәсімделуіне ДК-ның ғылыми хатшысы жауапты болады.

10.8 Аттестаттау ісінің электрондық көшірмесі Университеттің ақпараттық жүйесінде және (немесе) электрондық архивінде белгіленген тәртіппен сақталады.

11 ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ЕСЕП БЕРУІ

11.1 ДК жұмысы туралы есеп осы Ереженің Б қосымшасына сәйкес Университеттің интернет-ресурсында күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады.

11.2 ДК-ның философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру (беруден бас тарту) жөніндегі шешімдері туралы тоқсандық есеп осы Ереженің В қосымшасына сәйкес Университеттің интернет-ресурсында орналастырылады.

Тоқсандық есеп әр тоқсан аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және ДК қызметінің бүкіл мерзімі ішінде қолжетімді болуға тиіс.

12. ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

12.1 Кадрлар даярлаудың нақты бағыты (мамандығы) бойынша ДК қызметін тоқтатуға мыналар негіз болып табылады:

– докторантура кадрларын даярлаудың тиісті бағыты бойынша білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензиядан айыру;

– докторантураның білім беру бағдарламасын аккредиттеу мерзімінің аяқталуы немесе аккредиттеудің кері қайтарып алынуы;

– диссертацияны қорғау барысында осы Ереженің талаптарының бұзылғаны анықталуы.

ДК қызметі тоқтатылғаннан кейін осы білім беру бағдарламасы бойынша жаңа ДК қалыптастыру құқығы кемінде 1 (бір) жылдан кейін беріледі.

ДК-ның осы Ереженің талаптарын бұзуы диссертациялық кеңестің тұрақты құрамын ауыстыруға негіз болып табылады. Тұрақты құрам ДК-да 3 (үш) диссертация қорғауы бұзушылықтармен өткізілген жағдайда ауыстырылады.

13 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР

Ережені әзірлеу, келісу, бекіту, тіркеу және қолданысқа енгізу жөніндегі жауапкершілік пен өкілеттіктер былайша бөлінеді:

13.1 Осы Ережені әзірлеуге, атап айтқанда, оның мазмұнына, құрылымына, ресімделуіне және енгізілуіне әзірлеушілер жауапты болады.

13.2 Ғылымметрия және ғылыми кадрларды даярлау бөлімі Ереженің уақтылы әзірленуіне, тексерілуіне және қайта қаралуына бақылау жүргізеді.

13.3 Ереже жобасының түпкілікті редакциясы туралы шешімді ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор қабылдайды.

13.4 Бекітілген Ережені қызметкерлердің назарына жеткізуге тиісті бөлімшенің басшысы жауапты болады. Ережемен танысу туралы жазба «Танысу парағында» ресімделуге тиіс.

14 ӨЗГЕРІСТЕР

Ішкі нормативтік құжаттарға (ІНҚ) өзгерістер енгізу, олардың тізбесін бекіту және қабылдау «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ Басқармасының шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Қосымша А

Диссертациялық кеңес мүшелігіне үміткерлер туралы ақпарат

№ р/н	(Т.А.Ә. (бар болса)) (мемлекеттік немесе орыс және ағылшын тілдерінде)	Дәрежесі, ғылыми атағы	Негізгі жұмыс орны	Азаматтығы	Web of Science (Сайнс веб-сайты) немесе Scopus (Скопус) ақпараттық базасының мәліметтері бойынша Хирш индексі	Journal Citation Reports (Journal Citeishen reports) деректері бойынша алғашқы үш квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында citescore (СайтСкор) бойынша кемінде 35 процентиль көрсеткіші бар халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарындағы жарияланымдар	Жарияланымдардың журналдардағы басылым тізімі
1	2	3	4	5	6	7	8

Қосымша Б

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

_____

жанындағы

_____

(жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының атауы бұдан әрі-ЖЖОКБҰ)

_____

_____ кадрларды даярлау бағыты бойынша диссертациялық кеңес.

Есеп мынадай мәліметтерді қамтиды:

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер.

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

3. ЖЖОКБҰ көрсетілген докторанттар тізімі.

4. Мынадай бөлімдерді қамти отырып, есепті жылдың ішінде кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстардың тақырыптарын талдау;

2) диссертация тақырыбының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамытудың басым бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының);

2) қараудан алып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының);

3) ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының);

4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының);

5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының);

6) қайта қорғауға бағытталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттары).

Диссертациялық кеңестің төрағасы _____
(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы _____
(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Мөр орын, күні «____» _____ 20___ жылы.

Қосымша В

Философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру (беруден бас тарту) бойынша диссертациялық кеңестер қабылдаған шешімдер туралы тоқсан сайынғы есеп

№	(Докторанттың Т. А. Ә. (бар болса))	Туған жылы	Докторантурада оқыған жылдары	ЖЖОКБҰ докторантурасында оқу кезеңі	Диссертацияның тақырыбы	((Т. А. Ә. (бар болса)), ғылыми консультанттардың дәрежесі, жұмыс орны)	Несми рецензенттердің Т. А. Ә. (бар болса)), дәрежесі,жұмыс орны	Қорғау күні	Диссертациялық кеңестің және апелляциялық комиссияның қабылданған шешімі (бар болса)	Дипломның №
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Мамандығы бойынша диссертациялық кеңес (кадрларды даярлау бағытына)										

Қосымша Г

Этикалық комиссияның (ғылыми Әдеп жөніндегі комиссияның) қорытындысы
ЖЖОКБҰ атауы _____

1.	Докторанттың Т. А. Ә.	
2.	Докторантура мамандығы (білім беру бағдарламасы)	
3.	Докторантурада оқу кезеңі	
4.	Диссертация тақырыбы, бекітілген күні	
5.	Ғылыми Консультанттар туралы деректер – Т. А. Ә. (бар болса), лауазымдары мен жұмыс орындары, ғылыми дәрежелері, азаматтығы	
6.	Зерттеу нысандары	
7.	Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет
8.	Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін тарату үдерісіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет
9.	Зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері болғанда) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғау қалай жүргізілді?	

Әдеп комиссиясының
(Ғылыми Әдеп жөніндегі комиссиясының) төрағасы
_____
.....
(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Әдеп комиссиясының
(Ғылыми Әдеп жөніндегі комиссиясының) хатшысы
_____
.....
(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

Қосымша Д

№ р/н	Критерии	Критерийлерге сәйкестік (жауап нұсқаларының біреуін сызу керек)	Ресми рецензенттің ұстанымын негіздеу (ескертулерді курсивпен белгілеу керек)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылым үшін маңызы	Жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады/қоспайды және оның маңыздылығы жақсы ашылған / ашылмаған.	
3.	Тәуелсіздік принципі	Тәуелсіздік деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) тәуелсіздік жоқ.	

(жалғасы) қосымша Д

4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 диссертацияның өзектілігін негіздеу: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізсіз.	
		4.2 диссертацияның мазмұны диссертацияның тақырыбын көрсетеді: 1) көрсетеді; 2) ішінара көрсетеді; 3) көрсетпейді.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	
		4.4 диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық тұрғыдан өзара байланысты: 1) толығымен өзара байланысты; 2) өзара байланыс ішінара; 3) өзара байланыс жоқ.	
		4.5 автор ұсынған жаңа шешімдер (принциптер, әдістер) дәлелді және белгілі шешімдермен салыстырғанда бағаланады: 1) сыни талдау; 2) ішінара талдау; 3) талдау өз пікірлерін білдірмейді, бірақ басқа авторлардың дәйексөздері; 4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңалық принципі	5.1 ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75%); 3) жаңа емес (25% - дан аз).	
		5.2 диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75%); 3) жаңа емес (25% - дан аз).	
		5.3 техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген: 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75%); 3) жаңа емес (25% - дан аз).	
6.	Негізгі тұжырымдардың дұрыстығы	Барлық негізгі тұжырымдар ғылыми тұрғыдан маңызды дәлелдерге негізделген/негізделмеген немесе жеткілікті түрде негізделген (qualitative resech (quolitative resech) және өнер және	

		гуманитарлық ғылымдар бойынша дайындық бағыттары үшін).	
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 ереже дәлелденген бе? 1) дәлелденді 2) шамамен дәлелденді 3) дәлелденбеді 4) шамамен дәлелденбеді 5) ағымдағы тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 тривиальды ма? 1) Иә; 2) жоқ; 3) ағымдағы тұжырымдамада ереженің тривиалдылығын тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) Иә; 2) жоқ; 3) ағымдағы тұжырымдамада ереженің жаңалығын тексеру мүмкін емес. 7.4 қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең; 4) ағымдағы тұжырымда ережені қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 мақалада дәлелденген бе? 1) Иә; 2) жоқ; 3) ағымдағы тұжырымда баптағы ереженің дәлелділігін тексеру мүмкін емес.	
8.	Сенімділік принципі. Деректөздерінің сенімділігі мен ұсынылатын ақпараттың дұрыстығы	8.1 Әдістемені таңдау-негізделген немесе әдістеме жеткілікті егжей-тегжейлі сипатталған: 1) Иә; 2) жоқ.	
		8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін және компьютерлік технологияларды қолдана отырып деректерді өңдеу және түсіндіру әдістерін қолдана отырып алынды: 1) Иә; 2) жоқ.	
		8.3 Теориялық тұжырымдар, модельдер, анықталған қатынастар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденді және расталды (педагогикалық ғылымдар бойынша дайындық бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді): 1) Иә;	

		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ішінара расталған / расталмаған.	
		8.5 Пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолу үшін жеткілікті/жеткіліксіз.	
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық мәні бар: 1) Иә; 2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану ықтималдығы жоғары: 1) Иә; 2) жоқ.	
		9.3 Тәжірибеге арналған ұсыныстар жаңа: 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75%); 3) жаңа емес (25% - дан аз).	
10.	Жазу және безендіру сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) Төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		
12.	Зерттеу тақырыбы бойынша докторант мақалаларының ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы түрінде қорғалған жағдайда, ресми рецензенттер зерттеу тақырыбы бойынша докторанттың әрбір мақаласының ғылыми деңгейіне түсініктеме береді)		
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгілік ереженің 28-тармағына сәйкес)		

Қосымша Е

Диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағы

20__ жылғы «___»_____ диссертациялық кеңестің отырысы, хаттама № _____
Докторант

_____
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

_____ кадрларды даярлау бағыты бойынша диссертациясын қорғауы

Диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Дәрежесі	Отырысқа келу (қолы)
1	2	3

Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы

_____
(қолы тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Қосымша Ж

Докторант туралы мәліметтер _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жаағдайда)

Фото
3х4

1	Туған күні мен орны, азаматтығы, ұлты	
2	Докторантурада оқу туралы мәліметтер (ЖОО және оқу кезеңі)	
3	Докторантура мамандығы	
4	Диссертацияның қорғалған орны мен күні	
5	Диссертацияның тақырыбы мен тілі	
6	Ғылыми консультанттар (Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)	
7	Ресми рецензенттер (Т.А.Ә. (бар болса), лауазымы, ғылыми дәрежелері, ғылыми атақтары, азаматтығы)	
8	Жарияланымдар саны, барлығы, оның ішінде:	
	Журналдарда басылымдар тізімінен	
	Web of Science (Сайнс веб-сайты) немесе Scopus (Скопус)базасынан шетелдік басылымда	
	халықаралық конференциялар материалдарында, оның ішінде:	
	шетелдік конференция материалдарында	
9	Еңбек қызметі	

Күні		Жұмыс орны, лауазымы	Мекеменің орналасқан жері
Қабылдау мерзімі	Босату мерзімі		
10	Тұрғылықты жері, байланыс деректері		

Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы _____

(қолы тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

мөр, күні «____» _____20__ жыл

Қосымша 3

«І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ

КЕЛІСІЛДІ

Басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс және интернационалдандыру жөніндегі проректор, б.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент)

_____ А. Бахтаулова

«____» _____ 20 ж.

БЕКІТЕМІН

«І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ
Басқарма Төрағасы – Ректор,
з.ғ.д., профессор,
Ғылыми кеңес төрағасы

_____ Е. Бурибаев

«____» _____ 20 ж.

ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕМЕСІ

Докторлық диссертация тақырыбы: _____

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі

• зерттеу тақырыбының ғылыми зерттелу деңгейін сипаттау;

• зерттеу бағыты бойынша отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге талдамалық шолу жасау;

• қазіргі ғылыми зерттеулердегі негізгі тұжырымдарды, бағыттар мен қарама-қайшылықтарды айқындау;

• зерттелмеген немесе жеткілікті деңгейде қарастырылмаған мәселелерді анықтау;

• зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оны зерделеу қажеттілігін негіздеу.

2. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері

• зерттеудің негізгі мақсатын нақты әрі ғылыми тұрғыдан тұжырымдау;

• қойылған мақсатқа қол жеткізуге бағытталған зерттеу міндеттерін жүйелеу;

• мақсат пен міндеттердің өзара логикалық байланысын көрсету.

3. Зерттеудің ғылыми жаңалығы

• зерттеу барысында алынуы жоспарланған жаңа ғылыми нәтижелерді көрсету;

• авторлық тәсілдердің, модельдердің, әдістердің, әдістемелердің немесе тұжырымдардың ерекшелігін негіздеу;

• ұсынылатын ғылыми нәтижелердің қолданыстағы зерттеулерден айырмашылығын айқындау.

4. Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы

• зерттеу нәтижелерінің тиісті ғылым саласының дамуына қосатын үлесін сипаттау;

• алынған нәтижелерді білім беру үдерісінде, өндірісте, ғылыми зерттеулерде немесе практикалық қызметте қолдану мүмкіндіктерін көрсету;

• зерттеу нәтижелерінің теориялық және қолданбалы құндылығын негіздеу.

5. Зерттеу нысаны мен пәні

• зерттеу нысанын нақты анықтау;

• зерттеу пәнінің мазмұнын, шекарасы мен ерекшеліктерін айқындау;

• зерттеу нысаны мен пәнінің өзара байланысын көрсету.

6. Зерттеу әдістері мен дереккөздері

• зерттеу барысында қолданылатын ғылыми әдістерді сипаттау;

• зерттеудің теориялық, эмпирикалық және әдіснамалық негіздерін көрсету;

• пайдаланылатын дереккөздер мен зерттеу материалдарының ғылыми сенімділігін негіздеу;

• деректерді жинау, өңдеу және талдау тәсілдерін көрсету.

7. Докторлық диссертация тақырыбын бекітудің (қайта бекітудің) негіздемесі

• тақырыптың ғылыми мазмұнын кеңейту немесе нақтылау қажеттілігін негіздеу;

• зерттеу бағытының қазіргі ғылыми үрдістерге, мемлекеттік басымдықтарға және қоғам қажеттіліктеріне сәйкестігін көрсету;

• бекітілетін (жаңартылған) тақырыптың докторлық диссертацияларға қойылатын ғылыми талаптарға сәйкестігін дәлелдеу;

• зерттеу логикасы, мазмұны мен құрылымының жетілдірілуін сипаттау;

• тақырып өзгертілген жағдайда бұрынғы және жаңа тақырыптардың мазмұндық сабақтастығын көрсету.

8. Күтілетін нәтижелер

• күтілетін ғылыми нәтижелер мен олардың жаңалығын сипаттау;

• зерттеу нәтижелерін енгізу және практикалық тұрғыдан қолдану мүмкіндіктерін көрсету;

• ғылыми жарияланымдар, әдістемелік ұсынымдар, модельдер, әдістемелер немесе практикалық шешімдер түрінде ұсынылатын нәтижелерді нақтылау;

• күтілетін нәтижелердің зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігін көрсету.

Докторант:_____/Аты-жөні/

Қолы: _____

Ғылыми кеңесші: _____ /Аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы/

Қолы: _____